

САРАЙШЫҚ SARAISNIK САРАЙЧИҚ

Штангали Тасмагамбетов
Зайнолла Саташев



САРАЙШЫК

SARAICHIK

САРАЙЧИК

Неже китолтана
27.03.04г.
Онзи



ББК 63.4(2)
Т 23

*Түсті слайдтарды Олег Белялов осы басылым үшін арнайы дайындағы.
Сонымен бірге, Юрий Черкашин мен Зайнолла Самашев тұсірген
фотосуреттер де пайдаланылды.*

*The colour slides are specially prepared for this publication by Oleg Belyalov.
It also includes photos by Yuri Cherkashin and Zainolla Samashev.*

*Цветные слайды изготовлены специально для этого издания Олегом
Беляловым. Использованы также фотооригиналы Юрия Черкашина и
Зайноллы Самашева.*

Тасмагамбетов И., Самашев З.
Т 23 Сарайчик. - Алматы: ОФ “Берел”, 2001. - 320 с.
(на каз., рус., англ. яз.)

ISBN 9965 - 9119-2-4

ББК 63.4(2)

© Тасмагамбетов И.,
Самашев З., 2001.

T 0504000000
00(05)-01

» Бұл кітап - XIII-XVI ғасырлардағы Сарайшық қалашығынан 1996-2000 жылдары И.Тасмагамбетовтың үйымдастырып, тікелей қатысуымен және З.Самашевтың жетекшілігімен Батыс Қазақстан экспедициясының жүргізген зерттеулері кезінде жинакталған бірегей материалдардың ғылым тарихындағы түнгыш, әрі толық жарияланымы. Кітапта, сондай-ақ, Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұражайы мен Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайының материалдары да пайдаланылды.

Жергілікті жерде жасалған және сырттан әкелінген, көркемдігі жағынан аса тартымды жүздеген бүйімдар, теңгелер, бітіктер, әшекейлер, тұрмыстық заттар, еңбек құралдары, кару-жарақ түрлері, шикі кірпіштен тұрғызылған сәүлем өнерінің ғаламат үлгілері, “хана” деп аталатын Сарай кешенінің қалдықтары және тағы басқалар Сарайшықтың Алтын Ордадағы ең маңызды саяси, экономикалық, сауда, мәдени, тарихи және рухани орталықтардың бірі болғанын, ал кейінірек, Ногай Ордасы мен Қазак хандығының қалыптасуында да шешуші рөл атқарғанын сипаттайды.

» This book is the first ever publication of the unique materials from the Saraijuk archaeological site of the XIII-XVI centuries obtained mainly in the course of research by the West-Kazakhstan expedition headed by Zainolla Samashev in 1989-1992 and 1996-2000. The materials used in the book also include articles presented by the Kazakhstan Central State Museum and the Atyrau regional museum of local lore, history and economy.

Hundreds of highly artistic articles, coins, inscriptions, decorations, utensils, implements, items of armament of local production and imported, magnificent specimens of adobe architecture, remains of the “khana” palace complex and other materials characterise Saraijuk as one of the political, economic, cultural, historical and spiritual centres of the Golden Horde. The city also played a considerable role in history of foundation of the Hogai Horde and the Kazakh khanate.

» Настоящая книга - первая в истории науки наиболее полная публикация уникальных материалов из городища Сарайджук (XIII-XVI вв.), полученных в ходе исследований Западно-Казахстанской экспедиции, организованной по инициативе и при непосредственном участии И.Тасмагамбетова в 1996-2000 годах и проведенной под руководством З. Самашева. В книге использованы также материалы Центрального Государственного музея Казахстана и Атырауского областного историко-краеведческого музея.

Сотни высокохудожественных изделий, монеты, надписи, украшения, утварь, орудия труда, предметы вооружения как местного производства, так и привозные, великолепные образцы сырцовой архитектуры, остатки дворцового комплекса - “ханы” и другие характеризуют Сарайджук как один из политических, торгово-экономических, культурно-исторических и духовных центров Золотой Орды, который сыграл также значительную роль в истории становления Ногайской Орды и Казахского ханства.



Штангали Тасмагамбетов · Заиноппа Саташев

САРАЙШЫҚ
·
SARAICHIK
·
САРАЙЧИК



Алматы 2001

BEREL

Almaty 2001



...Асқар Алтайдан айдынды Атырауга дейін, Ертістен Еділге шейін күлашын кең жайған біздің Ұлы Отанымыздың әрбір сүйем жерінің, әрбір өлкесінің өзіне тән ғажайып бітім-болымысы бар. Еуразияның торт бұрышымен оның табиғаты да, тарихы да, тағдыр-талайы да тамырлас!

Атырау аймағы - тәнір шарапатымен құт конған, қызыр дарыған еліміздің қасиетті бір өлкесі.

Біздің ардақты ата-бабаларымыз үзак тарихымыздың бір кезеңінде дәл осы жерде елдігіміздің туын тігіл, өзгелермен терезесін тенестірген.

Міне мынау Ақ Жайықтың сұы шайып жатқан Сарайшық - Еуразияның апайтөс даласындағы қоптеген елді өркениет пен өрлікке, елдік пен ерлікке, бірлік пен тірлікке, ақыл, парасат пен бауырластыққа баулыған Алтын Орда елінен қалған сары жұрт. Ол Қасымхан билік құрған тұста Қазак хандығының астанасы болды. Сарайшық топырагы қасиетті, өйткені, иісі бүкіл түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары - Токта, Жанібек, Бердібек, ноғайлының билеушісі - Оқас, одан берігі Қасымхан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны осында мәңгілік жай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы Пантеоны десек те болады.

Откенсіз болашақ жок. Алтын Орданың данкты тарихын еске түсіру - біз үшін үлкен ғанибет.

Біздер, тәуелсіз қазак елінің әрбір еркін азаматы, ел боламыз десек, өзге бауырлас елдермен тереземіз тен болсын десек, онда біз міндетті түрде ата тарихымыздың күсі, елдігіміздің тұмары, өркениеттіміздің жәдігері болған ата мұраларымызды айрықша қастерлеуіміз керек. Біз оларды келешек үрпак үшін көзіміздің қарашағындай қорғауга тиіспіз. Сарайшықтың әрбір тасын, әрбір кірпішін, қыш құмырасы мен тенгесін жалықпай, ыждаһатты зергеп, келесі үрпакка жеткізсек, ел алдындағы борышымызды орындағанымыз болмак,

Осы қасиетті өлкеде ғұмыр кешкен Асан-Қайғы:

Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласан

Бірін қысқа қыстасан

Ал қолынды маларсын

Алтын менен күміске, - дегендей, Ақ Жайықтан сусындаған еліміздің берекесі өсіп, мәртебесі үстем болатынына көміл сенемін.

Ежелгі Сарайшық Ұлы Жібек жолының және өркениеттердің тоғысы десек, қазіргі Атырау XXI ғасырдағы Қазақстанның күш-куатымен гүлденуінің символы болмак.

(Елбасының 1999 жыл 3 күркүйектегі
Сарайшық мемориалдық мұражайын ашу
салтанатындағы сөйлеген сөзінен үзінді.)

Қазақстан Республикасының Президенті

Нұрсултан Назарбаев







“Сарайдан шығып, он күннен кейін біз Сарайджук деген қалаға жеттік, джук - “кіші” деген мағынаны береді. Ол Ұлысу деп аталатын үлкен, әрі ағынды өзеннің жасасына орналаскан. Онда Бағдаттың көпіріндегі қайықтардан жасалған көпір бар... Осы қалада біздің аттылы-арбалы сапарымыз аяқталды. Біз онсыз да арып-жадаған ат-көлігімізді қаладагы арзанишылыққа байланысты, әр жылқыны төрт күміс динарға бағалап, төмен бағамен саттық. Арбаға жегу үшін біз түйелер жалдадық. Бұл қалада түркіден шықкан құрметті тақуа діндар кісінің тұраржайы (Завия) бар, оның аты-Ата. Ол бізді қонақ қылды әрі батасын берді. Бізді тағы да осы қаланың аты-жөні менің есімде қалмаган бір қазысы конакқа шақырды. Біз осы арадан Хорезмге дейін отыз күн сүйт жүрдік, жол бойы тек екі-ак сағат, бірде түс өлемтінде, енді бірде ақшамда ғана аялладық”.



Ибн Батута. “Жиһан кезу”

“On the tenth day after departure from Sara we arrived to city of Sarajuk, where juk means “small”. They thus wanted to express that it was a Small Sara. The city is located on the bank of a deep, large river called Ulusy, meaning “great water”. A pontoon bridge is thrown across it, the same as in Bagdad. In this city our travel on horses pulling bullock-carts was finished. So we sold them for four dinars per horse and even less than that, considering their weakness and cheapness in this city, and hired camels to pull bullock-carts. There is a zavia of a righteous Turk old man in this city, who is called ata, which means “father”. He treated us in the zavia and blessed us. The cadi of this city met us too, whose name I do not remember now”.



Ibn Battuta. “Travel”

“Через десять дней после отъезда из Сара мы прибыли в город Сараджук, джук значит “маленький”. Они таким образом хотели выразить, что это Сара Малый. Город этот расположен на берегу полноводной, крупной реки, называемой Улусу, значение чего “великая вода”. Через нее переброшен мост из лодок, такой же, как в Багдаде. В этом городе наше путешествие на лошадях, тянувших арбы, закончилось. Так мы продали их по четыре динара за лошадь и меньше этого, ввиду их слабости и дешевизны в этом городе, и наняли верблюдов, чтобы тянуть арбы. В этом городе находится завия праведного старца из тюрок, которого называют ата, что значит “отец”. Он угостил нас в завии и благословил. Принимал нас также кади этого города, имени которого я уже не помню”.

Ибн Баттута. “Путешествие”



Kазақстанның киыр батысында, өлкенің терістігінен бастау алатын озендермен орнектелген ұлан-ғайыр дала жатыр. Оның қарт Каспий теңізінің айдынына күяр атырауы ежелден адамдардың көніліне қонып, назарын аударып келеді.

Каспийдің солтүстік-шығыс өнірі, өзінің ерекше қолайлы географиялық жағдайына байланысты сонау тас ғасырының, әсіреле қола дәүірінің мәдениеттері ғулденген кезеңдерде, аса тиімді көп салалы байланыстар мен тоғысулар болатын аймаққа айналды. Сондықтан да бұл жерден өзінің, тым қatal табиғи-климаттық жағдайына қарамастан, аса мол археологиялық ескерткіштер - қоныс-тұрактар, обалар, үшкір жебе пошымды құрылыштар - арандар, таңбалы тастар мен мұсіндер, керуен-сарайлар, қала-бекіністердің құландылары т.б. табылды. Бұлар, әрине, ондағы әр замандағы әр алуан этникалық және әлеуметтік-мәдени тұтастықтардың қайнаған тыныс-тіршілігінің күәсі. Терістік Үстірт пен Донызтаудың шындарының жағалауларына орналасқан қоныстар мен тұрактардың мәдени қабаттары - жергілікті технологиялық дәстүрлермен бірге қөшіп-кону мен ірі үдеру толқындарының нәтижесінде өзге этникалық ықпалдың көптеген белгілірінің болғанын да айқын растайды.

Батыс Қазақстан өлкесінің даму тарихындағы ең бір жарқын кезең - сармат, сақ-массагет этномәдени кешендерімен байланысты болып келеді. Геродоттың мәрдымсыз мәлеметтері мен парсы патшасы Ксеркстің Персепольдағы “антидэвтік” жазбаларына жүтінсек дах (дай, даг) тайпалары, сактар, массагеттер мен скифтердің саны көп болған, көшпелі жаугершілік өмір салтын ұстаған, ерлігімен және бостандық сүйгіштігімен ерекшеленген. Олар нағыз салт атты шабандоз, әрі құралайды көзден атқан керемет



Неолит-энолит дәуірінде (б.э.д. V-IV мыңжылдықтар) өмір сүрген ер адамның бас сүйегі арқылы қалынна көлтірілген бет-бейнесі. Манқыстау оніріндегі Қоскудук тұрагы

An anthropological reconstruction of man of late Stone Age, eneolite. The V-IV millennium B.C. Sites Koskuduk. Mankystau

Антрапологическая реконструкция мужчины эпохи позднего неолита-энолита. V-IV тысячелетие до н. э. Стоянка Коскудук. Маньыстау

садақшы-мергендер еді. Олардың бес қаруы түгел сай, күшті, әрі жүрдек салт атты әскери қосындары аса қаһарлы ержүрек жауынгерлерден тұрған, көршілес халыктар оларды жеңілмейтіндер деп есептегені де тегін емес еді...

Мындаған жылдар бұрын саудагерлер, әскери бөлімдер, басына оқиға іздеген елкезе жиһанкездер салған дала сокпактары мен ғасырлар бойы есепсіз керуендер қатынап жатты. Екі мын жыл бойы бұл жол жүртқа терістікегі Ұлы Жібек жолы ретінде белгілі болды. Жауынгер қосындар, сауда керуендері және қоныс аударған көшпелілер ұзакқа созылған жорықтарынан кейін жұтаган жұрт пен төрт түлікке тіршілік сыйлаған арнасы кең, ағысы қатты өзеннің жағасына тоқтап тыныс алған. Бұл өзенді көне дәүір географтары ауызға алады, ал бірінші Ұлы түрік қағанаты құрылған заманда ол Жайық деген атпен белгілі болды. Зәмзәм суы, тайдай тулаған балығы, шүйгін шобі және қыстың боранына ықтасын болған қоғалы қамысы - Тәнірі үлдары жаратқан Жайық иесі рухының көрінісі деп есептеді. Жайықтың борышы - “Кісілерді барлық жамандықтар мен зұлымдықтан корғап, оларға өмір сыйлау” болған.

Өзен, өзі шырайлы да қуатты, әрі кірпияз болды. 922 жылы Аббасидтер халифы Жафар ал-Муктадир-биллахтың елшісі Ибн-Фадлан Бағдаттан Атил (Еділ) бойындағы бұлгар еліне жіберілгенде осы Джайық өзеніне келген, өзен оған өзінің тамаша табиғи өзгешелігімен ерекше әсер еткен. Ол былай деп жазған: “Бұл біз көрген ең үлкен өзен, оның ағысы тым қатты. Шындығында, мен жүктердің қалай ауғанын және откелде кісілердің суга ағып кеткенін оз көзіммен көрдім. Жалпы, біз откелден өтерде көптеген адамдарымыздан, түйелер мен жылқыларымыздан айырылдық. Біз Жайықтан төтенше қындықпен өттік” (1, 27 бет.).

... Шынғысханның құдіретімен құрылған Ұлы империя оның үш ұлының ортасында боліске түсті. Үлкен ұлы Жошының үлесіне Ертістен бастап батыста “татар” жылқысының түяғы жеткен жерлердің бәрі тиді. Шагатайға онтүстік Алтайдан Амударияға дейінгі жерлер, сондай-ақ Шығыс Түркістан, Жетісу мен Мауеранахдың көп бөлігі тисе, ал Үгедейге батыс Монголия, Ертістің жоғарғы анғары аңғары және Тарбагатай бөлінді. Сойтіп қазіргі Қазақстан территориясы осы ұлыстардың құрамына, яғни оның далалық бөлігі Жошы Ұлысына, онтүстік және онтүстік-шығыс Қазақстан Шағатай Ұлысына, ал солтүстік-шығыс болігі Үгедей Ұлысына кірді.

Батухан (1227-1255 ж.) өз кезінде Шығыс Европаға жасаған жорығынан кейін, 1236-1241 жылдары өзінің бауыры Орда-Еженге “ортак істі аяқтағандағы еңбегі үшін” Ертістің жоғарғы аңғарын сыйға тартты. Бұл ұлысқа Жетісудың солтүстік-шығыс болігі, Ертіс, Ұлытау мен Қаратаяуға дейінгі

Тас келсан. Кола дәуірі.
Сарайшық

Stone pestle. Bronze epoch.
Saraičik

Каменный пест. Эпоха бронзы.
Сарайчик





Сармат кесемінің бейнесі және
кімі. Арал Тобе курганды.
Атырау обл. б. о. д. II ғ.

An anthropological reconstruction
of a Sarmat chief and his wear.
The Aral Tobe barrow. Atyrau
oblast. II century A.C.

Антрапологическая реконст-
рукция сарматского вождя и его
облачения. Курган Арал Тобе.
Атырауская обл. II в. н. э.



дала, кейінірек Сырдарияның орта ангары да кірді. XIII ғасырдың екінші жартысында Орда-Ежен Ұлысының билеушілері шын мөнінде дербес болып, иеліктері Ақ Орда аталды. Ұлыстың батысында Шайбанның бауырының иелігі жатты. XVII ғасырдағы тарихшы Махмуд Ибн-Вали: “ас, рус, черкес және булғар елдерін жаулаған жеті жылдық жорықта ол төтеше құлшыныс танытты, әрі Бату ханының бауырынан төрт аймакты сыйлыққа алды” деп атап көрсетеді. Оның иелігіндегі жерлерге Орал тауының етектері, Тобыл, Жайық, Ыргыздың бойлары, Арал теңізінің бассейіні және Сыр-дарияның төменгі ангары жатты.

Бұл ұлыстар дала билеушісі Батуханның тұқымдары басқарып отырған империяның төменгі Еділдегі орталығына вассалды түрде тәуелді болды. Кейін XIV ғасырда Ақ Орда билеушілерінің күзыры Шайбан ұлысына ауысты. Ақ Орда мен Бату Ұлысының шекарасы сол кезде Жайық өзенінің шығыс жағымен өтті.

Қазіргі Атырау қаласынан 50 шықырым жерде, Жайық өзенінің он жақ жағасында, бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук (қазіргі атауы - Сарайшық) қаласының қираган құландысы жатыр.

Әбілгазы Бахадұр-ханының (XVII ғ.) Сарайшықтың негізін Батухан (білік құрган уақыты 1221-1256 жж.) салған деген тарихи пікірімен келісуге болады. Әбілгазы былай

деп жазады: “Берке хан болғаннан соң ұлық той жасап, көп сыйлықтар берді. Барлық аға-інілеріне Батухан бағындырған ұлыстарды бөліп берді, Қағанға көп сый-сияпат жіберді. Одан соң құдай тағала бір күні Берке ханының көңіліне мұсылмандықтың ұрығын сеуіп, өз дінінің бос нәрсе екенін білдірді. Бір күні аттанып, ағасының салдырған Сарайшық атты шаһарына барды. Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр еді.

Ол керуенниң ішінен екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып, мұсылмандықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Берке хан таза жүрегімен мұсылман болды. Одан соң кіші інісі Тоқай-Темірді шақырып, бұл сырын оған айтты, ол да мұсылман болды. Сосын ол халқына исламға сенуге жарлық берді...” (2, 99-бет.).

Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұланбайтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя - Жошы Ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған. Бұл қалалардың құрылыстары алғашында нөкер, ноян және басқа да ел басқарушы шонжарлар үшін Сарай және әкімшілік гимараттар ретінде бой көтерген. Ондағы орталық гимараттың төңірегінен кейінірек біртіндеп колөнершілер, еркін тұрғындар, көпестер және т.б. әр түрлі адамдарға арналған үйжайлар салынған (4, 114 бет.). Сарайшық сондай қалалардың

бірі еді. Оның стратегиялық жағынан Европа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығы, Европа елдері мен Еділдің бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай-Бату және Сарай-Берке) Хорезм шаһарларына, Иранға, Үндістанға және Қытайға баратын құрлыкаралық керуен жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Көптеген көпестер мен саяхатшылардың осынау жолдардың бағыт-бағдарлары туралы, тауарлардың сипаты мен бағасы және қатынас тәсілі туралы жазбалары мен хикаялары бізге дейін жетіп отыр. Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргенішке дейінгі сауда жолының сокпактарында құдықтар болды және керуен-сарайлар қызмет етті. XIII-XIV ғғ. осы жол Шығысты Батыспен негізгі жалғастыруыш болды.

XIII-XIV ғғ. керуенші сауда жолдарының қауіпсіздігі туралы Итальяндық Франческо Пеголоттидің мәліметтері бойынша айғақтауға болады: “Таныдан Қытайға баратын жол, сонда саяхат жасаган копестердің айтуынша күндіз де, тунде де аса қауіпсіз көрінеді, тек қынана, егерде көпес бара жаткан не кері кайткан жолда көз жұмса, онда оның барлық мал-мұлқі өзі қайтыс болған елдегі патшага табысталатын болған... ал егерде оның жаңында өзінің туысқаны немесе жақын дос-жараны бірге болып, өзін қайтыс болған кісінің туысқанымын деп айтса, онда өлген кісінің мал-мұлқі соған тапсырылып, аман сақталатын болған” (5, 357 бет.).

Осылайша, Сарайшықта салтанатты сөүлетті сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медіреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған. Оларды атақты сөүлет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған. Қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен аландары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айырықша байқалады. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті.

Қала аумағының тез кеңеюіне оның бекініс қамалдарының болмауы себеп болған. Онсыз да қала әрқашан хандық биліктің бақылауында, әрі тақ таласындағы жеңімпаздар тарапында болуға мәжбүр болды, ал жеңімпаздар болса оның қауіпсіздігіне кепіл болды.

Сарайшық алғашқы кірпіші қаланғанынан бастап - Жошы Ұлысының тақ үшін әулеттік таласы, әскери бас көтерулер, саяси сайқалдық, сауда-экономикалық және мәдени байланыстардың өсуі, империяның құлауы және жаңа этностардың құралуы сияқты Орда ішілік және халықаралық оқиғалардың қайнаган ортасында болды.

Алтын Орданың өзге қалалары сияқты, Сарайшық та, бұрын коныс, яки үримтәл өткел, немесе қыстак, яки рұлық, әулеттік зираттар болған, өте шүрайлы, әрі Жайық өзенінің ең бір қолайлы да көрікті тұсында



Сармат әйелінің бейнесі. Саркамыс. Атырау обл.

An anthropological reconstruction of Sarmat woman. Sarkamys. Atyrau region

Антрапологическая реконструкция сарматской женщины. Саркамыс. Атырауская обл.



калыптасқан. Қаланың мәдени қабаттарын зерттеу барысында, көне шұнқырдан және шикі кірпіштер арасынан шақлақ тас қырғыштар, қола дәүірінде тастан жасалған шағын келсан; екі мың жылдың алдындағы жебенің коладан құйған ұштары кездесті. Бұлар осы қаланы салған кезде оған дейінгі көне мәдени қабаттардан шықкан ба, әлде, киелі деп біреулер өзге жерден кезінде тұмар ретінде осында әдейі алып келгенбе, бұл жағы бізге әзірше белгісіз. Кейбір зерттеушілер Алтын Ордалық Сарайшықтың төменгі мәдени қабаттары X-XII ғасырлардағы хазар және қыпшақтардың қалалары немесе қоныстұрактарының қалдықтары деп есептейді.

Алайда сонғы жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері әзірше ол заманның қабаттарын көрсете қойған жоқ. Десе де, осы арада Алтын Ордага дейінгі қоныстар болуы мүмкін. XIII-ғасырга тән бір құрылыштардың бұрышынан қыпшақтардікіне үқсайтын ошактың (казандық) және қолмен жапсырылып жасалған қыш ыдыстың қалдықтары табылды. Ал ерте орта ғасырлық қоныс тұрағы орналасқан жағаның бір көрнекілеу жерін су орып кеткен, немесе XIII ғасырда үстіне жана қаланы салғанда, ескі қоныстардың орны сырлылып кеткен. Демек, онда Монгол дәуіріне дейінгі адамзат тіршілігінің іздері бар, немесе, кейін бір кезде табылады деп сеніммен айтуға болады. Сол дәуірге тән сирек кездесетін табылымдар әзірше тек Жайықтың төменгі анғарының көптеген түсінан, қалашықтың астынан ғана көзігеді. Қаланың алғашқы орналасқан жері - Жайықтың негізгі арнасы мен оның қазір Сорочника деп аталатын бір саласының арасындағы арал.

Сарайшық туралы негұрлым ертерек мәлімет бергендердің бірі араб көпесі әрі жиһангезі Ибн-Батута еді. Ол мұнда 1333-1334 жылы келді. Ибн-Батута өзінің “Саяхатнамасында” былай дейді: “Сарайдан шығып, он күннен кейін біз Сарайджук деген қалаға жеттік, джук - “кіші” деген мағынаны береді. Ол Ұлысу деп аталатын ұлken әрі ағынды өзеннің жағасына орналасқан. Онда Бағдаттың көпіріндегі қайықтардан жасалған көпір бар... Осы қалада біздің аттылы-арбалы сапарымыз аяқталды. Біз онсыз да арып-жадаған ат-көлігімізді қаладағы арзаншылыққа байланысты, әр жылқыны төрт күміс динарға бағалап, төмен бағамен саттық. Арбаға жегу үшін біз түйелер жалдадык.

Бұл қалада түркіден шықкан құрметті тақуа діндар кісінін тұраржайы (Завия) бар, оның аты - Ата. Ол бізді қонақ қылды әрі батасын берді. Бізді тағы да осы қаланың аты-жөні менің есімде қалмаган бір қазысы қонаққа шақырды. Біз осы арадан Хорезмге дейін отыз күн сүйт жүрдік, жол бойы тек екі-ак сағат, бірде тұс әлетінде, ендіның бірде акшамда ғана аялладық” (6). Саяхатшылардың өздері

Сарай күрілімі - “ханлы” казу жұмысының басы. 1997 жыл

Beginning of the excavation of a palace building, the khana, in 1997

Начало раскопок дворцового сооружения - “хана” в 1997 г.



жазуынша, керуен жолында жүрген кісілер алыс сапарға шығар алдында көбінесе мұсылман зираттарының жанында тұратын шейх-хазіреттердің батасын алып аттанып отырган. Олардың рухы да жолда керуенді желеп-жебеуші болады деп есептесе керек.

Сарайшықтың ұлылығы - онда тек мұсылман діндарларының жерленгендігінде ғана емес, ен алдымен оның Алтын Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналғанында. Әбілғазы Бахадұрханың жазуынша мұнда Алтын Орда хандары, мәртебелі кісілер және шонжар-ұлықтар жерленген. Сарайшықтағы хандар пантеонында ең алғаш жерленген кісі деп 1266-1280 жж. билік құрған Мөнке Темір ханды атайды. Оның тұсында Алтын Орда Монгол империясының орталығынан толықтай дербестенді. Мөнке Темір шағатайлыштардың билігін нығайтып, олардың Орталық Азия және Жетісуда мемлекет қуруы үшін ұлы Монгол қағандарымен құрескен Үгедей тұқымы Хайдуды (1269-1301) колдап, ең бірінші рет өз атынан тенге шығарды (7, 16-19 бб.). Алтын Орданың 1271 жылғы Константинопольға жасаған жорығы да Мөнке Темірдің есімімен байланысты (8, 83 б.). Мұнда келесі жерленген кісі - 1280 жылдан 1312 жылға дейін ел билеген - Токта. Оны Марко Поло кезінде “Батыстың патшасы” деп атаған. Сарайшықтан табылған ең коне тенгелер Тоқтаның билік жүргізген кезеңіне тән. Оның тұсында Алтын Ордада феодалдық дүrbелендер де толастады және де бір кездері Бату ұлысының нағыз билеушісіне айналған бүлікшіл, әрі қараниет-қолбасы Ногай 1300 жылды өлтірілді. XIV ғ. басында мемлекетте мықты өрлеу басталды, әсіресе Токта патшалық құрған соңғы жылдар Алтын Орданың әскери және экономикалық құдіретінің дамуындағы алғашқы кезең болды (8, 90 б.). Сарайшықта кейін жерленгендер - Алтын Орда билеушілері Жәнібек пен Бердібек. Жәнібек билік құрған кезінде (1342 ж.). Орта Азиядан астانا Сарайшықка келген так мұрагері, өзінің ағасы Тыныбекті өлтірді (5, 368 б.). Жәнібек әуелі Әзербайжанды Алтын Ордаға косып алғаны да белгілі. Ол билік құрған кезде мемлекетте ол өзі тежей алмаган құлдыраудың алғашқы нышандары көрінді (8, 263 б.). Оның өлімі 1357 ж. өз ұлы Бердібектің төнірегіндегі билікті қоксеуіші қасқунемдер тарапынан болды. Әкесінін өлімінен соң Бердібек әртүрлі топтар қолдаган өзінің 12 бірдей бауырласының көзін жойды. Мемлекетте өзара қырқыстар мен бөлшектену басталды. Көп ұзамай, 1359 жылы Бердібек те өз бауыры Құлнаның қастандығынан қаза тауып, Сарайшықтағы өз әкесінің моласының жанынан орын алды (8, 271 б.).

Әмір Едіге (1365-1419) жайындағы бір дастандығы болжамда айтылуынша, 1406 ж. казіргі Түмен қаласының жанында қаза тапкан, кейір деректерде айтылғандай “Алтын Орданың ең соңғы және нағыз ұлы тұлғасы” Тоқтамыс ханының басы да Сарайшықта жерленген екен.

Сондай-ак, осында ногай бекзадалары мен мырзалары, Ер Тарғын мен Қамбар сынды эпикалық батырлар және көреген, өз халқының қамын ойлаган қазақтың ханы Қасымхан да жерленген.

Сарайшықтың қарқынды дамуы, әсіресе қоғамдық және діни гимараттардың көбейіп көркеюіне 1263 ж. Берке ханның ислам дінін қабылдаудынан соң, Алтын Орда тұргындарының арасында мұсылмандықтың енуі және 1310 жылы Өзбек ханның исламды мемлекеттік дін деп жариялауы да әсер етті. Аталмыш рәсімдер Сарайшықта аткарылған, осының өзі де Сарайшықтың Алтын Орданың рухани-идеологиялық өміріндегі аса ерекше орнын көрсететін уақығалар еді.

Сарайшықта 1341 ж. Жәнібектің және 1357 ж. Бердібектің Алтын Орданың хандық таққа отыру рәсімдері етті.

1996-2000 жж. зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың қалыптасып дамуының үш кезеңі анықталды. Ерте кезеңі қала өмірінің алғашкы он жылдығына сәйкес келеді. Сарайшықтың ол кезде, негізінен шикі кірпіштен соғылған, орталық бөлігіндегі гимараттары көп салынды. Онтүстігінен шетіне қарай біртіндеп киіз үйлермен және жеңіл каркас құрылыштарымен толықтырылды. Бұл бөлігі негізінен өзенді бойлап салынды. Зерттеушілердің болжамы бойынша оның ені шамамен 300 м. болған төрізді. Келесі онжылдықтарда қаланың даму қарқыны, оның көлемінің неғұрлым ұлгайғаны анықталды.

Дамуының екінші кезеңінде, 1330-шы жылдардан бастап әртүрлі факторлардың әсерімен Сарайшық өзінің кірпіштен соғылған орталық бөлігінде жүйелі түрде салынып шоғырланады да, Жайық пен оның сағаларында жайғаскан аралдың шенберінде дамып кенейді. Мұның өзі, осы мандағы өткелдер мен адамдардың іс-әрекетін мүкият бақылап отыруға да мүмкіндік берді.

Сарайшықтың аумагын итальяндық Фра Мауроның 1340-шы жылдардағы картасын қазіргі табиғи орта жағдайымен салыстырып және қалашық туралы XIX және XX ғғ. басындағы авторлардың деректерін есепке ала отырып, оның батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы 2 шыбырым, ал ені 600 м. ден астам болуы мүмкін деп мөлшерлеуге болады.

Қаланың ғулдену уақыты XIV ғ. сәйкес келеді. XV-XVI ғғ. шаһар тағы да өзгеріске ұшырады. Орталық бөлігі көлемі жағынан біртіндеп кішірейе келе, онтүстік шығыста Жайықтың казір Сорочинка деп аталатын саласына қарай жылжыды.

Сонғы екі ғасырда Жайықтың негізгі арнасы әрнеше өзгерістерге ұшырады. Жыл сайынғы су тасқыны қаланың біраз боліктерін шайып кетіп отырды. Қазіргі таңда көне Сарайшықтың қалған ауданы, жапсарлас көне зираттарды есептемегенде шамамен 600 x 600 м.

Сарайшықтың кирандыларымен жәдігерліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарының екі ғасырдан астам тарихы бар. XVIII ғ. 60 ж. сонында қалашықты П. С. Паллас

XIV ғ. үйлердің кабыргасы
Walls of premises of the XIV century

Стены помещений XIV в.



көріп қайтты. 1834 ж. Ф. Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргізді. Қала туралы қызықты мәліметтер XVIII-XIX ғғ. П. Рычковтың, А. Левшиннің, Н. М. Карамзинның шығармаларында бар.

1937 ж. Н. К. Арзютовтың жетекшілігімен Қазақстанды зерттеу Қоғамының Батыс Қазақстандық болімшесі Саратов облыстық мұражай қызметкерлерімен бірге калашықтың кейбір жерлерінде зерттеулер жүргізді. Сол қазба жұмыстарының көптеген материалдары қазірге дейін Саратов мұражайының қорында сақтаулы. Сол кезде Н. К. Арзютов Сарайшықтың жағдайы туралы былай деп жазған: “Солтүстік, солтүстік-шығыс және батыс жағынан өзеннің жағасы тіпті мұлде шайылған... 70 жылдың ішінде ұзыны 1100 м, ені 300 м-дей аумак жоғалды. Бөрін қосканда 320 гектардай жер құрыды. Дәл сол жерлерде алтынордалық Сарайшықтың талай құрылышы болған. Осылайша, бізге оте қызықты ескерткіштерді жыл сайын жоғалтып, орнын сипап отырмыз” (19, 127-128 бб.).

1950 ж. Э. Х. Марғұлан тағы да Жайықтың суы мәдени қабаттарын үздіксіз жуып-шайып жатқан Сарайшық ескерткіштерін жедел де кешенді түрде зерттеу туралы үлкен мәселе көтерді. Сол кездің өзінде-ақ Орал өзені көне қаланың орта тұсын шайып жатыр еді. Сол жылы Э. Х. Марғұланның жетекшілігімен археологиялық экспедиция үйімдастырылды, алайда ол бір-ақ маусым жұмыс істеді, өкінішке орай нәтижелері осы уақытқа дейін толықтай жарияланған жоқ. Осыдан кейін Сарайшықтың ескерткіштерін зерттеп, сактап қалу проблемалары 60-80 жылдардағы кейбір құлшыныстарды есептемегенде, осы уақытқа шейін назардан тыс қалып келді.

Сарайшықтың тарихи мәні, оның Қазақ мемлекеттілігінің алғашқы қалыптасу кезеңіндегі ролі және үрпактар арасындағы байланыстар үшін ата-бабалар мұраларының төтенше маңыздылығы ескеріліп, осы жерде символды Пантеон, археология мұражайы және мешіттен тұратын мемориалды-мұражай кешенін құру ісі қолға алынды.

Э. Х. Марғұлан атындағы археология институтының авторлар басқарған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1996-2000 жж. жүргізген тыңғылықты зерттеулері барысында қаланың әр болігінен оның өмір сүруінің бірінші кезеңіне жататын ауқымды жерлер аршылып, алғашқы тұргындардың үй құрылыштары айқындалды. Қала құрылышы белгілі бір жобамен, көшпелілерге тән дәстүрмен салынған. Табылған үйлер шикі кірпіштен қаланған, көлемі 4 x 5 метр екі - төрт бөлмелерден тұрады. Бөлмелердің төр жағында етегінен ені 1,5 - 2 метр келетін көлденен орналасқан тұтін шығатын қос каналмен жылынатын суфа орналасқан. Олар тандырылы ошақтан шығып, болмеден кабырганың арасына жасалған тік жол арқылы төбеге

Сарайшықтың құланлылары

Ruins of Saraičik

Руины Сарайчика



“Хана” - Сарайдын бөлмелерін қазу сөті

Excavation of the “khana” palace rooms

Раскопки помещения дворца-“хана”



шыккан. Барлық қабыргалар мен суфалар бірнеше рет саз балшықпен сыланып, әктелген. Суфандың біреуінен киіз кілемнің қалдығы табылды. Едені лаймен тығыздалған кейір бөлмелерде шиден жасалған төсенніш сакталған. Суфандың үстіндегі қабыргада кезінде шырағдан, қымбат ыдыстар және басқа да тұрмыска қажетті заттар қоятын текшелей күйс бар. Үйде тұргын бөлмелерден басқа тары мен арпа сактайтын баздар, сондай-ақ, табылған дөн-сүйектеріне қарағанда, өрік, алма, жүзім, жуа және алыс елдерден әкелінген миндал жанғағын сактайтын қойма бөлмелер де болған. Ол жерден қурап калған пияздың бастары табылды. Қоймалар жылышатын жатын бөлмелерден ағаш қанқалы қабыргамен белектелген. Ағаш қанқалы қабырганың арасы шикі кірпіштермен шырша әдісімен қаланған. Осындағы конструкция бір жағынан декоративті болса, екінші жағынан қойма бөлмеде ауа алмасуды жақсартады.

Үйлердің архитектурасы мен ішкі интерьерлерінде Төменгі Поволжье, Хорезм және Сырдария қалаларына тән дәстүр араласып келеді.

Бір үйден колемі 4 x 4 м. болып келген бөлме аршылып тазаланды. Онда тандырлы кішкентай суфадан басқа үй иесінің көсіби қызметтің корсететін ерекше құрылыш табылды. Бір қабырганың етегінде от жағатын тандырдан қолденен орналасқан тұтін шығатын жол көлемі 1 x 1 м., ені 80 см. жуық саз кірпіштен “жөшік” түрінде қаланған конструкциямен жалғасқан. Одан қабырга жабыстырылып салынған тұтін шығатын мұржа көтерілген. Еденде от жағатын орынның маңында ошактан шыққан күл мен балықтың, үй майдырының сүйектерімен толтырылған үлкен шұнқыр орналасқан. Бұл балық және ет өнімдерін ыстағатын құрылыш болуы мүмкін. Оның жанынан табылған тиындар Өзбек ханының билік құрган кезіне, яғни 1310 ж. жатады. Бұндай құрылыш Алтын Орда қалаларын қазу барысында табылған алғашқы құрылыш және ол Сарайшықтағы еңбек бөлісінің жоғарғы деңгейін көрсетеді.

Бөлмелерден табылған ыдыстар формасы жағынан сан алуан. Атап айтсак, олар - жергілікті көзешілер жасаган қыш күмыралар, күтылар, күмгандар және қазандар. Оны қашин балшығынан жасалып жылтыр бирюза құймамен жабылған күмыра толтырады. Осы ыдыстар жиынтығын Хорезмнен әкелінген тас қазандар, төменгі Волга қалаларынан әкелінген қашинді түрлі-түсті жылтыр кеселер, сондай-ақ жергілікті бай адамдар тым жоғары бағалайтын оте қымбат жасыл түсті қытай фарфоры - селадоннан жасалған табақтың, кесенің, тостағанның сыйықтары толықтырады.

Мұндағы мәдени қабаттардан жылқы мен түйенің сүйектері көптеп кездеседі. Бұл тұргындардың қала өмірінің алғашқы кезеңінде қала құрылышы мен сауда жолында

кызмет еткендігін де көрсетеді. Қаланың тек орталық бөлігі ғана дамып коймай оның сырт жақтарында да құрылыштар салынған. Сарайшықтан бес шықырым жерде, озен жағасын бойлай орналасқан усадьбалар кездеседі.

Сарайшықтың тұрғындары жаз айларын бау-бақшасы, егістігі бар қала маңындағы үйлерде откізген. Олар сондай-ак Жайық өзенінің бойындағы жайлымдарда керуен үшін кызмет істеуге керекті жылқылар мен түйелерді ұстаған. Қаланың және усадьбалардың мәдени қабаттарынан кетпендер, орақтар, шалғылар және шығырға арналған күмыра түріндегі қыш ыдыстар табылды. Шығыр бұл өзендең дірменге ұқсатылып ағаштан жасалған және осы қыш ыдыстар байланған үлкен дөңгелек. Малдың күшімен айналған донгелек ыдыстардағы суды жогары котеріп арықтарға құйған.

Осында бау-бақша өнімдерімен қатар арпа мен тары өсірілген. Оны шаруашылық шұнқырларынан табылған астық өнімдерінің қалдықтары дәлелдейді. XVI ғ. кейінірек Сарайшық билеушілері Орыстың астық өндіретін оргалықтарынан осындағы егістіктеріне қажетті тұқымдық астықтың көтеп жіберілуін сұраған. Оған ногайлының әйгілі бектербегі Смайылдың 1557 ж. орыс патшасы Иван IV-ге: "...Сарайшық егістіктерін су басып қаңырап бос қалды.... сен бізге бір кеме тұқымдық астық жіберсеніз екен", - деп сұрап жазған хаты дәлел бола алады (20, 32б). Сарайшықтағы осындағы егістіктердің көп болғандығы тастан жасалған қол диермендерінің көтеп табылуымен айқындалады.

Бекініс камалы болмаса да қала маңындағы адамдар тыныш және тату-тәтті өмір сүрген. Бекініс қамалдың жоқтығын оң тарапы жарқабакты болып келген өзен жағасы көрсетеді. Бекініс қамалдың қала үшін онша қажеті болмады. Өйткені, Алтын Орданың әскери күші XIV ғ. екінші жартысындағы өзара қырқысуларап дейін мығым болды. XV ғ. басында да қаланы қорғай алатын билеушінің қүштілігі туралы пікірлер халық арасында сақталып келді. Оған мысал ретінде татар көпесі мен венециялық дипломат И.Барбаро арасындағы әңгімені келтіруге болады. Бұл әңгімінің желісі бойынша Танының (Азов) бекініс қамалын көріп жүрген И.Барбаро мұнараны көрсетіп тұрып, татар көпесінен: "Мынау бір танғажайып тамаша зат емес не екен?" - деп сұрайды. Сонда ол маган қарап, былай деді: «Ба! Кім корыкса, сол мұнара тұргызыды!» Бұл жерде, мен ойлаймын, ол дұрыс айтып түр» (9, 90-91 бб.).

Қала өмірінің екінші кезеңі XIV ғ. екінші жартысынан басталады. 1330-шы жылдары Жайықтың тасуымен ерекшеленеді. Осыған орай тұрғындар қалаға тығыз орналасып, қайта жобалау жұмыстарын жүргізді. Сарайшықтың шетін су басқанымен, қайта жобалау қаланы коріктендіріп қана қоймай, негізгі кошелер мен кварталдарды

Казба соттері

A view of the excavation site

Вид раскопок



сақтап қалды. Бұрынғы құрылыштар киратылып, бөлмелердің іші топыракпен толтырылды. Қала тұрғындары бұрынғы үйлердің үстіне соган ұксас, алай да өзіндік ерекшеліктері бар жана үйлерді тұрғызды. Жинақылы жобамен салынған көп бөлмелі үйлермен қатар желілі ықшамды болып жобаланып, шаруашылық құрылыштармен бір шатырдың астына салынған көп бөлмелі үйлер пайда бола бастады. Болмелердің көп бөлігін бұрынғыша бір болігінде от жағатын орны мен “кәні” бар П немесе Г түріндегі суфа алып жатыр. Кейбір бөлмелердің ішкі қабыргалары қалқанды немесе қаңқалы болып жасалған. Қабыргалар мен суфалар сыланып, әктелген және киізбен, кілемдермен безендірілген. Кейбір үйлердің еденіне ақ түсті алебастр қосылып жасалған күйдірілген қызыл кірпіш немесе такталар төсөлінген. Әдетте от жағатын жердің манында тұбі жок үлкен ыдыстан жерге көміліп, беті күйдірілген кірпіштен қалаңған беті-кол жугыш - ташнау орналасады. Осы ыдыска акқан су жерге сініп кетеді.

Казба кезінде қаланың бір бөлігіндегі кулап қалған үйлердің арасынан моншаның қалдығы табылды. Алуан түрлі қызметтерді атқаруга арналған бірнеше бөлмелерден туратын моншаның шикі кірпіштерден төсөлінген қабыргалары декоративті такталармен безендіріліп, едені күйдірілген қызыл кірпішпен қалаңған. Бір бөлменің еденінде пайдаланылған су жиналатын шұнқырмен аяқталған су ағар жолақ бар. Бөлмеде жылдықтыш пеш және ыстық суға арналса керек, үлкен ыдыс - хұм бар. Суды шойын казанга жылдықтан.

Ені 4 метрден 8 метрге дейін болып келетін қаланың көшелері негізінен тұзу. Қаланың орнынан өзірше арықтар мен су жүйелері табылған жок. Бірақ-та кыш құбырлар аз емес. Халықты сумен қамтамасыз ету негізінен мемлекеттің астанасы Сарай қаласындағы сияқты өзеннен арбамен күбі-құмыралар арқылы тасмалдау және ауладагы терең құдықтар арқылы іске асырылды. Құдықтың қабыргалары ағаш қаңқага тіретілген қалаңған кірпішпен орілген. Бұндай құрылым құдық қабыргасының құлауын және отырып кетуінен жол бермейді. Құдықтың маңында орналасқан бір ауладан үлкен ағаштың тамырлар жүйесінің қалдығы сақталған шұнқыр табылды. Соган қарағанда бұл ағаш кезінде осы ауланың бір бөлігін көріктендіріп тұрса керек.

Қала тұрғындарының шаруашылық қызметі XIV ғ. ортасында алуан түрлі болған. Ол қала мен қырдағы халық үшін өндірілген әр түрлі тауарлар өндірісінен байкалады. Олардың көп бөлігін көзешілер өндірген. Бұған осы уақыттың мәдени қабатынан табылған әр түрлі ыдыстардың көптеген сыннықтары дәлел. Қаланың бір бөлігін қазу барысында күйдірілмеген құтылардың көптеген сыннықтары табылды. Соган қарағанда осы манда кыш күйдіретін үлкен пештің бірі болса керек. Сарайшықта жасалған кыш ыдыстар үш

“Хана” - Сарайдың қалдықтары
Ruins of the “khana” palace
Руины дворца-“хана”



түрлі саздан жасалған. Соның ішінде қызыл түсті саз балшықтан жасалған бұйымдар озінің формасымен, қолданылуы жағынан әр түрлі. Атап айтсақ, олар құмыралар, шығыр ыдыстар, әр түрлі азық-тұлқтерді сактайтын үлкен хұмдар, табактар, шырағдан майшамдар және тағы басқалар. Ас ішуге арналған ыдыстардың бір бөлігі әр түрлі өрнектермен bezendірілген түрлі-түсті жылтыр ыдыстар.

Ыдыстың екінші түрі кашин балшығынан көркемделіп жасалған пиала, тостаған, құмыра және вазалар. Олардың арасынан өсімдік тектес және зооморфтық өрнектермен аса көркем түрде bezendіrілген қыш өнерінің теңдесі жок туындыларын кездестіруге болады. Сырлы қыш ыдыстарды bezendірудің жи кездесетін және негізгі мотиві - суда жүзетін құстар. Осы образ қазіргі уақытқа дейін келіп жеткен Сарайшық туралы көптеген аныздардың негізі. Олардың бірінде Жәнібек ханың қала аумагында үлкен су коймасын жасағандығы айтылады. Ағаштардың ортасында орналасқан бұл су коймасында акқулар арнаіы өсірілген. Мұнда сонымен катар ұшып келген неше түрлі жабайы құстар мен қаздар да жүзіп жүрген. Аңыз бойынша оларды қөлдің кант қосылған тәтті сұы өзіне тарткан. Жәнібек нөкерлерімен осы жерде дем ауды жақсы көрген. Философиялық терен маңызы бар екінші бір анызда былай деген: “Бұл қөлде бұрын су болыпты. Бұл жерлерге көктем мен күзде құс келіп, қайтқанда неше түрлі құс коныпты. Соның ішінде акку құс өсіреке бұл қөлге көп үйір болыпты. Ногайлының Әз Жәнібек деген ханы осы колге секер төктіріп, акқуды мас қылышп, құладынга ілдіріп, той етіпті. Тойына Асан-Қайғы би көп шакыртумен келіп, неге өкпеледініз дегендеге, былай депті - мыс:

“...Алты атанға қос артып,
Алты жыл қоныс қарадым.
Қырында деп қызығы,
Суында деп балығы
Бұл жерді өзім қаладым.
Көлге секер төктіріп,
Секерге акку бөктірдін,
Акку қөлдің көркі еді,
Құладын құстын коры еді,
Акку құс - ару, төре еді.
Құладынга куды ілдірдін,
Ақ мамығын жүлдүрдін,
Құладынға куды жем қылдын,
Төрені қормен тен қылдын.
Түбінде өз басыңа келер деп,
Құладындай бір жаманнан олер деп,
Саған өкпелеп келмедім.”

XIV г. күрүлсүз. XV г. склептер салгында бүлгінген

Rooms of the XIV c. ruined by crypts of the XV c.

Помещения XIV в., разрушенные склепами XV в.



Бұл анызда Жәнібектің өз ағасын өлтіріп, билікке жеткені, аяғында өзі осірген баласының қолынан қаза тапқандығы, яғни, XIV ғасырдың 40-50 жылдарындағы Алтын Ордағы так-талааска байланысты өрбіген қанды уақыттардың кейінгі заман тұрғысынан айыптау сиякты ой түйіні, ишараты байқалады.

Іздестің үшінші түрі - сүр түсті ерекше саз курамынан жасалған құмыралар мен торсықтар. Олардың сырты рельефті өрнектермен көмкеріліп, құстың, балықтың, жұлдыздың, өсімдіктің символдық бейнелерімен, философиялық және жақсылық тілейтін магынасы бар текстермен безендірілген.

Қалада, сондай-ақ, сүйектен әртүрлі бүйымдар жасайтын шеберханалар болған. Онда әртүрлі тоғалар, садактың қаптамалары, корамсаның әшекей боліктері, пышактың сантары, садақ атуға арналған сакиналар, тері өндеге, тоқыма өндірісіне арналған және т.б. бүйымдар жасалды. Қазба кезінде тері өңдеушілердің көптеген бұлғарыдан жасалған дорба, белдік, мәсілдер мен өкшелі етіктер, күртелер, мастер мен өрткымдар сиякты жоғары бағаланатын бүйымдар кездесті. Қазба кезінде сол кездің мәдени қабатынан шыны бүйымдардың көптеген сиңықтары табылды. Олардың көшілігі жергілікті өндірістің бүйымдары еді. Атап айтсақ, олар - моншактар мен жүзіктер, әртүрлі ыдыстар, сондай-ақ түрлі-түсті терезе әйнегі. Терезе ойығындағы алебастрлі панжар-торға орнатылған шынылар түрлі-түсті жарық шыгарып болменің интерьериң қосымша безендірді. Қазба кезінде табылған темір мен қоладан жасалған бүйымдардың әртүрлілігі қала тұрғындарының, көпестердің және қыр адамдарының қажетін өтеген ұста шеберлердің көп болғандығын көрсетеді. Әзірше Сарайшықта ұста шеберханалары қазылған жок, бірақ та олардың орны белгілі. Оған шлак пен коланың қатып қалған тамшылары, шойын қую өндірісінің сиңықтары мен сүйіп қалған көріктегі шойын ожаудың бір жерден табылуы дәлел бола алды. Сарайшық ұсталары негізінен ат-әбзелдерін, пышақ пен қылыш жүздерін, жебе ұштарын, шалғы, кетпен және қайық пен кемелердегі тақтайлардың бекіткіштерін жасады.

Қола қуюшылар көркем тогаларды, табақтарды, жылқы бейнелі құлыптарды, шынжырларды, жүзіктерді және әртүрлі суреттер мен сюжеті бар қола және күміс айналарды жасады. Солардың ішінде, әсіресе, шырағдандар ете қатты бағаланды. Өйткені, олар - жарық беріп, тұрғындардың тұнгі уақыттарғы өмірін ұзартты. Қазба кезінде шырағданың бірнеше түрі табылды. Соның біреуі - XIV ғ. сонына жататын қола шырак Түркістанда кенінен тараған нұскаларды дәл кайталайды. Бұндай заттар кезінде Ақсақ Темір сарайының торінен орын алған. Осы шырағданың жанынан өрнектелген араб әріпімен капиталған қалып (штамп) табылды. Бұл қалып бұлғары-

дан кітап мұқабасын жасау үшін пайдаланылса керек. Ал өскерилер үшін көп қырлы кола күрзілер дайындаған. Қаланың орнын қазу барысында кірпіш күйдіретін пештер кездесті. Қолонершілер оны көптеп жасады. Бұл пештердің қолемінің үлкендігі сондай, олардың кейбіреулерінің ұзындығы 6 метрге, ені 4 метрге жуық.

Осында құрылышпен тікелей байланысы бар алебастр өндірісі де жолға қойылған. Оған дәлел - топырак күйліргіш пештің қалдықтары. Жергілікті зергерлер көп түсті қондырмасы бар жүзіктер, оймалы бай өрнектермен безендірілген білесіктер, әдемі сырғалар мен өте нәзік алтын жапсырмалар үшін көп еңбек еткен тәрізді. Кілем токитын станоктар бөліктері мен үршық бастарының көптеп табылуы қалада шебер токымашылардың өмір сүргендігін көрсетеді.

Балта, тесе, тескіш сиякты ағаш шеберлерінің әртүрлі қурал-саймандары, сондай-ак, үй құрылымының сакталған ағаш бөліктері мен аула құрылыштары қаладағы ағаш шеберлері мен ұсталар өнерінің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Сарайшық тұрғындарының шаруашылық қызметін алыс керуен маршруттары үшін тамаша жылқылар мен төзімді туýелер осіргендігінен байқауға болады. XV ғасырдағы араб тарихшысы Ибн-Араб-шахтың айтудынша, Хорезмнен шыққан керуен үш ай ішінде “корқынышсыз және күдіксіз” Қырымға дейін жеткен. “Жолдағы халықтың көптігіне, қауып-қатердің жоктығына, азық-тұліктің молдығына сенген керуендер өздерімен бірге ешкандай азық-тұлік, жылқыларына жем-шөп алмай, тіпті жол сілтеушеудерді де ертпеген” (10, 460 б.; 8, 262 б.).

Сарайшық тұрғындары өздерінің жоғары деңгейдегі сауаттылығымен ерекшеленеді. Оған қазба кезінде табылған ыдыстардағы, кола бүйымдардағы және қағаздағы әртүрлі мағынадағы жазулар дәлел бола алады. Әсіресе, қыш ыдыстардағы жазулар жақсы сакталған.

Сондай бір ұлken қыш ыдыс - хұмның сыртына Шу аңғарында туып, Қашқарда өмір кешкен Жүсіп Баласагұни поэмасынан (XI ғасыр):

“Адам көркі - жұз, бұл жұз көркі - коз,
Ауыз көркі - тіл, бұл тіл көркі - сөз.
Тағы көркі кісіге - білім мен өнер,
Жанын құрбан етер білім үшін ер, - деген үзінді жазылған”.

Жанына “Бұл күбіге көз жасын құяр болар”, - деп белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан. Екінші бірінде еркін шебер-көзешінің осы хұмды жасағандығын дәлелдейтін таңба-белгі бар. Бетінде жазуы бар ыдыстың келесі бірі - кесе. Бұл кесенің бір бөлігі накыл сөздермен көмкерілген. Оның бір нұсқасы былай деп оқылады: “Тұнде екі әлемнің перштегері оның алдына келді, ...” Ал зергердің тас қалыбында бізге дейін толық жетпеген қыска: “Жұмыс...”, деген фраза сакталған.

Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, сөз жоқ, кең ауқымдағы халықаралық саудага қатысады.

Жанданған сауда Қытаймен, Кавказмен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізілді. Қытай фарфоры ауқатты қалалықтардың дастарханын көріктендіріп тұрды. Жылтыратылған ашық жасыл түсті селадон деп аталатын бұл ыдыстар нәзік өрнектермен коса бұлттар, құстар бейнелерімен, иероглифтермен де безендірілген.

Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген, шынылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған әйнекейлі күмыралар, құтылар, шамдалдар көздің жауын алады. Сарайшық түрғындары ішіндегі тамак аса дәмді болады деп ерекше жұмсақ тастан ойылып жасалған Хорезмнің қазандарын ерекше үнатқан. Қара қыштан құйылып, күн түскенде ою-өрнектері жарқырап туратын күмгандар, кеселер мен табактар молынан саудага түскен. Шыны, ақық, маржан тастардан оймышталған әшекейлер, жүзіктің көзіне орнатылатын гауһарлар Иран мен Орта Азиядан әкелінетін, болмаса жергілікті жерде жасалынған; “каури” ғажайып қабыршактары Үндістаннан, амфоралар сонау қырыдағы қаратеніздік сауда қаласы Трапезундтан тасылған ыдыстарда шарап пен май сақталған, ол қырымдық әйнекейлі сырлы аяқ-табактар керуениң тендерінде, кемелердің трюмдерінде тасылып әкелінген. Хорасаннан және Еділдің төмөнгі сағасынандағы қалалардың діни және пәлсафалық мазмұнда жазу жазылған әртүрлі кеселері мен пиалалары Сарайшық халқының қунделікті өмірінде көп пайдаланылған. Алтын Орданың басқа қалаларының түрғындарының сұранысына қажет әшекейлі әдемі сырлы табактар мен күмыралар Сарайшық шеберлерінің колынан да шықкан. Осындай ыдыстардың біреуі Мәскеудің Қызыл Аланындағы Мемлекеттік Тарихи Мұражайға қойылған.

Сарайшыққа сауда керуендері көп жол жүріп, қыншылықпен жеткен. Мысалы, кең сахара даланы басып мемлекеттің астанасы Сарайға келетін сауда жолы 500 км. болған. Дегенмен, төте жолдар арқылы сегіз күн ішінде кемелер арқылы Каспий теңізінің солтүстік жағалауларына жетіп, одан әрі жағалай отырып Сарайшыққа, сонан сон Еділдің жағасындағы астанаға баруга болатын еді. Бұл туралы сол кезде көпестер мен жиһанкездер қалдырган толып жатқан акпарлар бар.

Солардың ішіндегі ертеден белгілері - Генуя көпесі Франческо Пеголоттидің 1340 ж. шыққан “Сауда ісінің кітабы” мен Италияны солтүстігіндегі Тосканалық беймәлім автордың жазбасы. Еділдегі Сарайдың тұсында тауарлар тиелген кемелерді Дон озеніне дейін құрлық арқылы астына бөрене төсеп сүйреп жеткізетін бекет тұрган, одан әрі тауарлар Қара теңіз бен Жерорта теңізіне жеткізілген. Каспий теңізінің кез-келген жағалауынан Сарайшықтан шықкан кемелерді көргөте болатын еді.

Құстын бейнесі сакталған ыдыстың сынығы

A fragment of a plate with an image of bird

Фрагмент дна блюда с изображением птицы



